

**Қазақстан Республикасы
Президенті Архиві директорының
2025 жылғы «10» қыркүйектегі №78-Ө
бұйрығына қосымша**

**«Менің отбасымның тарихы архив құжаттарында» мектеп
оқушыларының оқу-зерттеу жобалары конкурсы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Менің отбасымның тарихы архив құжаттарында» мектеп оқушыларының оқу-зерттеу жобалар конкурсы (*бұдан әрі – Конкурс*) Ережесі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленді және Конкурсты ұйымдастыру мен өткізу шарттары мен тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурс білім беру жобасы болып табылады және жастар арасында архив ісін насихаттауға бағытталған.

1.3. Конкурстың ұйымдастырушылары: Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (*бұдан әрі – Президент Архиві*) және Астана мен Алматы қалаларының Білім басқармалары.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1. Конкурстың мақсаты: архивтік және деректік көздер негізінде отбасы тарихын зерделеу арқылы оқушылардың зияткерлік және тұлғалық дамуына ықпал ету, өз отбасы тарихын ұлттық тарих контекстінде пайымдау арқылы Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасына қызығушылығын арттыру.

2.2. Конкурстың міндеттері:

- дереккөздермен (архив құжаттарымен) жұмыс істеу дағдылары мен біліктерін қалыптастыру;
- ел тарихын өз отбасының тарихы арқылы зерделеу;
- тарихи деректерді іздеуге қызығушылықты дамыту;
- отбасылық дәстүрлерге баулу;
- дарынды оқушыларды анықтау және олардың тарих, архивтану және құжаттану салаларында білімін жалғастыруға ұмтылыстарын қолдау;
- оқушылардың архив ісі саласындағы ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;
- дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтау және нығайту.

3. Конкурсты өткізу шарттары

3.1. Конкурсқа мұғалімнің жетекшілігімен оқу-зерттеу жобаларын (*бұдан әрі – жоба*) әзірлеген Астана және Алматы қалаларының жалпы білім беретін

мектептерінің 8-11-сынып оқушылары (*бұдан әрі – Конкурс қатысушылары*) қатыса алады.

Жобаның жетекшісі Конкурсқа қатысушы тікелей білім алатын жалпы білім беретін мектептің мұғалімі ғана бола алады.

3.2. Конкурс қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі.

3.3. Жобалардың тақырыптық бағыттарын елдің даму тарихы контекстінде Президент Архиві айқындайды, сондай-ақ олар елеулі әрі тарихи даталарға, оқиғаларға, тұлғаларға орайластырылуы мүмкін.

Конкурсқа келесі тақырыптық бағыттар бойынша жобалар ұсынылады:

- 1) Менің отбасымның өмірбаяны – ел тарихында;
- 2) Отбасылық архив – шежіренің кілті;
- 3) Адам тағдырының қасіреті;
- 4) Менің отбасымның тарихындағы Екінші дүниежүзілік соғыс;
- 5) Менің отбасым еңбек даңқы тарихында;
- 6) Менің отбасым қала тарихында;
- 7) Менің отбасылық жәдігерім;
- 8) Менің отбасымның Қазақстан мәдениетіне қосқан үлесі.

4. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

4.1. Конкурсты өткізу мерзімі – осы Ереженің Конкурсты өткізу кестесіне сәйкес белгіленеді. (*1-қосымша*)

4.2. Конкурс комиссиясының құрамын Конкурстың ұйымдастырушылары бекітеді.

Конкурс комиссияның құрамына Президент Архивінің, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларының, ғылыми мекемелердің және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының өкілдері кіреді.

4.3. Конкурс комиссиясының жұмысын үйлестіруді хатшы жүзеге асырады.

4.4. Конкурс Алматы және Астана қалаларында өткізіледі

4.5. Осы ережеде көрсетілген талаптарға сәйкес, Конкурс қатысушылары Жобаларды архив құжаттары негізінде әзірлеу бойынша жұмыс жүргізеді.

Жобада жетекшісінің пікірі қоса берілуі тиіс, онда таңдап алынған тақырыптың өзектілігі, автордың жұмысқа жеке үлесі және т.б. көрсетіледі. Пікірге жетекшісі қол қояды және ол орта білім беру ұйымының мөрімен куәландырылады.

Осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген мерзімдерге сәйкес қатысушылар өтінімді, жобаны және жетекшінің пікірін ақпараттық хатта көрсетілген сілтеме арқылы жүктейді.

5. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын ғылыми жобаларға қойылатын талаптар

5.1. Конкурста архивтік құжаттарын және басқа да тарихи дереккөздерді пайдалану негізінде орындалған қатысушылардың жобалары (отбасылық архивтердің құжаттарын: фотосуреттер, хаттар мен ашықхаттар, жеке куәлік пен куәліктер (неке туралы, меншік туралы, наградалар туралы, паспорттар, әскери

билеттер), мүшелік билеттер, күнделіктер мен қойын дәптерлер, еңбек кітапшаларын, рұқсаттамалар, аттестаттар, дипломдар және т.б. пайдалануға болады) қарастырылады.

Жобаны дайындау барысында қатысушылар ұлттық тарих контексінде өз отбасының тарихымен танысады, архивтік және құжаттық дереккөздермен жұмыс істеу әдістерін меңгереді, алынған материалдарды іздеу, талдау және қорыту жұмыстарын жүзеге асырады. Зерттеу қызметінің нәтижелері осы Ереженің талаптарына сәйкес ресімделеді.

5.2. Конкурсқа қазақ және орыс тілдерінде дайындалған жобалар қабылданады.

Жобалар электрондық форматта ұсынылады, қаріп өлшемі – 14. Жобаның көлемі (негізгі мәтін, қосымшалар мен сілтемелерді қоспағанда) 15 беттен аспауы тиіс, қосымшалардың көлемі – 3 парақтан аспауы керек және олар негізгі мәтін мен сілтемелерден кейін орналастырылады (барлығы бір файлда). Жұмыс мәтіні мен қосымшалардың беттері нөмірленуі тиіс.

Архив құжаттарын зерттеуге негізделмеген, сондай-ақ презентация түрінде орындалған жұмыстар қарауға қабылданбайды.

5.3. Жобалар түпнұсқа (бірегей) болуы тиіс; плагиатқа, дереккөздерге сілтемесіз келтірілген дәйексөздерге, сондай-ақ академиялық адалдық қағидаттары мен мәтіндерді ресімдеу ережелерін бұзатын өзге де жайттарға жол берілмейді. Бұған дейін өзге халықаралық және республикалық конкурстарға ұсынылған ғылыми жобалар Конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

5.4. Барлық қатысушылардың жобалары міндетті түрде антиплагиат жүйесі арқылы тексеріледі. Мәтіннің түпнұсқалығы 60%-дан кем болмауы тиіс.

Жобаға генерацияланған мәтінді пайдаланған жағдайда, қатысушылар бөлек парақта мәтіннің үзіндісін және пайдаланылған нейрожелінің атауын (Chat GPT және тағы басқа) көрсетуге міндетті. Мәтіннің құрамында генерацияланған мәтін көлемі 10%-дан аспауы тиіс. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын жобаларға қойылатын талаптар осы Ереженің 2-қосымшасында баяндалған.

6. Қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау

6.1. Конкурстық комиссия жобаларды қабылдау аяқталғаннан кейін осы Ереженің 3-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес түскен жобаларды бағалайды және нәтижелерді Конкурстық комиссия хатшысы жолдаған сілтеме бойынша онлайн режимде енгізеді.

Жобаларды бағалау кезінде мынадай критерийлер ескеріледі: конкурстың тақырыбына сәйкестігі, архивтік дереккөздерді пайдалану, зерттеудің тереңдігі мен дербестігі, тарихи шынайылығы, баяндаудың құрылымы мен логикасы, тілдік сауаттылық пен стиль, ресімделуі, түпнұсқалығы.

6.2. Жобалары 60 балдан жоғары нәтиже жинаған Конкурс қатысушылары Президент Архивінде Конкурстық комиссия алдында жобаларын қорытынды қорғауға шақырылады.

Конкурстық комиссия жобаларды қорытынды қорғауды осы Ереженің 4-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес бағалайды.

6.3. Конкурс жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Іріктеу кезеңінен өткен, бірақ Конкурс жеңімпаздарының қатарына кірмеген қатысушыларға сертификаттар табысталады. Ұйымдастырушылар жобаларды қорғау нәтижесі бойынша қатысушыларға арналған номинацияларды қарастыруға құқылы.

Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай Президент Архивінде өтеді.

6.4. Конкурс қатысушыларының жобаларын қарау нәтижелері хаттамамен ресімделіп, Конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

6.5. Конкурс нәтижелері бойынша апелляция қарастырылмайды.

6.6. Архив саласында ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырушылар Конкурс жеңімпаздарын Президент Архивінің Жас архившілер кеңесінің құрамына қосу мәселесін қарастыруы мүмкін.

6.7. Конкурс нәтижелері туралы ақпарат Президент Архивінің ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде орналастырылады.

6.8. Конкурс ұйымдастырушылары Конкурс жеңімпаздары мен қатысушыларын қосымша көтермелеу және ынталандыру жүйесін қарастыру құқығын өзіне қалдырады.

«Менің отбасымның тарихы
архив құжаттарында» мектеп оқушыларының
оқу-зерттеу жобалары
конкурсы туралы Ережеге
1-қосымша

2025 жылы Конкурсты өткізу кестесі

№	Іс-шара	Мерзімі
1	Ақпараттық хат пен Конкурс ережесін жолдау	15 қыркүйекке дейін
2	Конкурс қатысушыларының өтінімдерін қабылдау	10 қазанға дейін
3	Конкурс қатысушыларының жобаларын қабылдау	15 қарашаға дейін
3	Жобалардың мәтіндерін антиплагиат жүйесі арқылы тексеру	20 қарашаға дейін
4	Конкурстық комиссияның жобаларды қарастыруы	1 желтоқсанға дейін
5	Жобаларды қорытынды қорғауды өткізу	11 желтоқсан

«Менің отбасымның тарихы
архив құжаттарында» мектеп оқушыларының
оқу-зерттеу жобалары
конкурсы туралы Ережеге
2-қосымша

Конкурста қатысу үшін ұсынылатын ғылыми жобаларға қойылатын талаптар

1. Конкурста қарастыруға қазақ және орыс тілдерінде дайындалған жобалар қабылданады.

Жобалар электрондық форматта ұсынылады, қаріп өлшемі – 14. Жобаның көлемі (негізгі мәтін, қосымшалар мен сілтемелерді қоспағанда) 15 беттен аспауы тиіс, қосымшалардың көлемі – 3 парақтан аспауы керек және олар негізгі мәтін мен сілтемелерден кейін орналастырылады (барлығы бір файлда). Жұмыс мәтіні мен қосымшалардың беттері нөмірленуі тиіс.

Конкурста қарастыру нысаны архив құжаттарын және өзге тарихи дереккөздерді пайдалану негізінде орындалған Конкурс қатысушыларының жобалары болып табылады.

Архив құжаттарына отбасылық фотосуреттер, хаттар мен ашықхаттар, куәліктер мен құжаттар (неке қию, меншік, марапаттау туралы), паспорттар, әскери билеттер, мүшелік билеттер, күнделіктер мен жазба дәптерлер, еңбек кітапшалары, рұқсат қағаздары, аттестаттар, дипломдар жатады.

Архив құжаттарын зерттеуге негізделмеген, сондай-ақ презентация түрінде орындалған жұмыстар қарауға қабылданбайды.

2. Жұмыс мәтіні компьютерде теріліп, мынадай бөлімдерді қамтуы тиіс:

титул беті;

мазмұны;

қазақ немесе орыс тіліндегі абстракт (аннотация) (ғылыми-зерттеу жұмысы қай тілде жазылса, сол тілде);

кіріспе;

зерттеу бөлімі;

қорытынды;

пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

3. Титулдық бетте көрсетіледі:

жұмыс орындалған ұйымның (мектептің) толық атауы, қала;

автордың тегі, аты, сыныбы;

жұмыстың атауы;

жұмыс дайындалған тақырыптық бағыт;

ғылыми жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты;

жыл.

4. Абстракт (аннотация) (250 сөзден аспауы тиіс) жұмыстың қысқаша мазмұнын қамтуы керек, оның ішінде:

зерттеудің мақсаты;
 зерттеудің кезеңдері, жүргізілу рәсімі;
 зерттеуді жүргізу әдістемесі (архив құжаттарын пайдалану және т.б.);
 зерттеудің жаңалығы мен дербестік дәрежесі;
 жұмыстың нәтижелері мен қорытындылары;
 нәтижелерді практикалық тұрғыда пайдалану салалары.

5. Кіріспеде (2 беттен аспауы тиіс) зерттеу тақырыбының өзектілігі, осы жұмыстың мақсаты (міндеті) көрсетіледі; қойылған міндетті шешу әдістері қысқаша баяндалады;

6. Жұмыстың зерттеу бөлімі (10 беттен аспауы тиіс) жеке тараулардан (параграфтардан) тұруы керек және мыналарды қамтуы тиіс:

таңдалған тақырыптық бағыт бойынша белгілі нәтижелердің талдамалық шолуы, ол осы жұмысты жүргізудің қажеттілігін көрсетіп, оның мақсатын (міндетін) тұжырымдауға мүмкіндік береді;

қойылған міндетті шешу әдістерінің сипаттамасы;

жұмыстың нәтижелері және оларды талқылау;

иллюстрациялық материал (архив құжаттары, фотосуреттер).

7. Қолданылған әдебиеттерге сілтемелер төртбұрышты жақшаларда көрсетілуі тиіс. Нөмірлеу мәтіндегі сілтемелердің пайда болу ретімен дәйекті болуы тиіс.

8. Қорытынды (1 беттіктен аспайды) жұмыстың негізгі нәтижелерін, олардың негізінде жасалған қорытындыларды, сондай-ақ нәтижелерді ғылыми және практикалық мақсатта қолдану бойынша ұсыныстарды қамтиды.

9. Қолданылған әдебиеттер жұмыстың соңында жалпы тізім ретінде келтіріледі және келесі тәртіппен көрсетіледі: автордың тегі мен инициалдары; мақала атауы және журнал атауы (журнал мақалалары үшін); журнал немесе кітап атауы; баспаның орналасқан жері және баспахана (кітаптар үшін); жарияланған жылы, шығарылым нөмірі, беттер.

10. Жоба барысында жасанды түрде алынған мәтінді қолданғанда қатысушылар бөлек бетте осы фрагментті және нейрожүйенің атауын көрсетуі міндетті. Мәтінде жасанды түрде алынған мәтіннің көлемі 10%-дан аспауы тиіс.

Жасанды түрде алынған мәтін	Нейрожүйенің атауы	Қатысушының түсініктемесі (қажет болған жағдайда)

«Менің отбасымның тарихы
архив құжаттарында»
мектеп оқушыларының
оқу-зерттеу жобалары
конкурсы туралы Ережеге
3-қосымша

Жобаларды бағалау критерийлері

№	Критерий	Сипаттама	Ұпайлар
1	Конкурстың тақырыбына сәйкестігі	Тақырыптың архив құжаттары арқылы толық әрі терең ашылуы	15 ұпайға дейін
2	Архивтік дереккөздерді пайдалануы	Түпнұсқа немесе цифрланған құжаттардың бар болуы және сапасы	20 ұпайға дейін
3	Зерттеудің тереңдігі мен дербестігі	Өздігінен жұмыс істеу, дереккөздердің алуан түрлілігі, сыни ойлау	15 ұпайға дейін
4	Тарихи шынайылық	Фактілік дәлдік, деректердің дұрыстығы	10 ұпайға дейін
5	Баяндаудың құрылымы мен логикасы	Айқын құрылым, қисынды баяндау	10 ұпайға дейін
6	Тілдік сауаттылық пен стиль	Сауаттылық, баяндау стиліне сәйкестік	10 ұпайға дейін
7	Ресімделуі	Ұқыптылық, қол қойылуы, қосымшалардың болуы	10 ұпайға дейін
8	Түпнұсқалығы	Бірегейлік, авторлық тәсіл, эмоциялық әсер	10 ұпайға дейін

«Менің отбасымның тарихы
архив құжаттарында» мектеп оқушыларының
оқу-зерттеу жобалары
конкурсы туралы Ережеге
4-қосымша

Жобалардың финалдық қорытындысын бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийі	Жоғары балл	Конкурс комиссиясы мүшесінің бағасы	Пікір
1	Тақырыптың өзектілігі мен маңызы	10		
2	Архивтік құжаттарды пайдалану (дереккөздердің сапасы мен алуан түрлілігі)	20		
3	Зерттеудің тереңдігі және талдаудың сапасы	20		
4	Түпнұсқалық және тәуелсіздік	15		
5	Презентацияның сапасы (құрылымы, көрнекілігі, көркемдігі)	15		
6	Комиссия сұрақтарына жауаптар	10		
7	Жалпы әсер (жұмыстың тұтастығы мен толықтығы)	10		
	ЖАЛПЫ ҰПАЙ	100		